



Аз қамтылған азаматтарға жергілікті (аймақтық) деңгейде арнайы әлеуметтік көмек ұйымдастырудың тәртібі туралы Үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 22 ақпандағы N 188. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.24 N 1695 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Аз қамтылған азаматтарға жергілікті (аймақтық) деңгейде

арнайы әлеуметтік көмек ұйымдастырудың тәртібі туралы қоса беріліп отырған Үлгі ереже бекітілсін.

2. Облыстардың, қалалардың, аудандардың, поселкелердің, ауылдардың (селолардың) әкімдеріне Үлгі ереженің негізінде өз ережелерін әзірлеп, бекіту ұсынылсын, сондай-ақ аз қамтылған азаматтарға жергілікті (аймақтық) деңгейде арнайы көмек ұйымдастыру жөнінде шараларды қабылдайтын болсын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.05.29. N 490 қаулысымен.

P980490_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 22 ақпандағы
N 188 қаулысымен
бекітілген

Аз қамтылған азаматтарға жергілікті (аймақтық)

деңгейде арнайы әлеуметтік көмек ұйымдастырудың
тәртібі туралы
ҮЛГІ ЕРЕЖЕ

1. Осы Үлгі ереже аз қамтылған мұқтаж азаматтарға жергілікті (аймақтық) деңгейде көмек ұйымдастырудың тәртібін реттейді.

2. Аймақтық деңгейде әлеуметтік көмек ұйымдастыру үшін облыстардың, қалалардың, аудандардың, поселкелердің, ауылдардың (селолардың) әкімдерінің жанынан олардың құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардан мүлікті бағалау жөніндегі мамандарды кіргізу арқылы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өкілдерінен арнаулы комиссия құрылады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1998.05.29. N 490 қаулысымен.

P980490_

3. Аудандық, қалалық қаладағы аудандық, поселкелік, ауылдық (селолық) комиссиялар;

азаматтардың әлеуметтік көмек көрсету туралы өтініштерін қарастырады;

көмек сұраған отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын және қамтамасыз етілу деңгейін тексереді;

әлеуметтік көмек белгілеу және оны жою жөнінде шешім қабылдайды;

пайда болған түрлі даулар мен жанжалдарды шешеді;

әлеуметтік көмектің квоталары мен лимитін белгілейді.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың комиссиялары төменгі деңгейдегі комиссиялардың қызметін үйлестіреді, оларды бақылайды және қажет болған жағдайда даулы мәселелерді қарастырады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.05.29. N 490 қаулысымен.

P980490_

5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін отбасының жиынтық табысы негізінде алынады.

Соңғысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 2 абзацы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің

1998.05.29. N 490 қаулысымен.

P980490_

6. Жергілікті (аймақтық) деңгейде әлеуметтік көмек алуға жұмыс істемейтін адамдары бар отбасылар, соның ішінде зейнеткерлер, мүгедектер, кәмелетке толмаған балалар, еңбек етуге қабілеті жоқ адамдар және еңбек ету биржасында ресми тіркелген жұмыссыздар және жалпы табысы отбасы мүшесінің әрқайсысына шаққанда жергілікті (аймақтық) деңгейдегі мөлшерден кем болуы себепті әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылар құқылы. Соңғысы тиісті республикалық көрсеткіштен төмен болмауы тиіс.

Бұған қоса, бұл құқық жеке тұратын жалғыз басты зейнеткерлерге, сондай-ақ жоғары оқу орындарында, арнаулы оқу орындары кәсіптік-техникалық мектептер мен колледждерде оқитын жетім балаларға беріледі.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.05.29. N 490 қаулысымен. P 9 8 0 4 9 0 _

7. Азаматтарды әлеуметтік қолдауға мұқтаж адамдардың санына жатқызу критерийлерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.05.29. N 490

8. Аудандардың, қалалардың, қаладағы аудандардың, поселкелердің, ауылдардың (селолардың) әкімдері аз қамтылған азаматтарға жергілікті деңгейде әлеуметтік көмек беру жөніндегі шараларды тікелей жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың мәтіні өзгермеген - ҚР Үкіметінің 1998.05.29.

N 490 қаулысымен. Р980490_

9. Әлеуметтік көмек көрсету туралы өтініш жергілікті атқарушы органның комиссиясына беріледі. Өтінішке отбасының құрамы мен алдыңғы тоқсандағы алған табысының мөлшері туралы тоқсан сайын жаңартылып отыратын анықтамалар қоса беріледі.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.05.29. N 490

қаулысымен. Р980490_

10. Өтініш берген азаматтар берген ақпараттарының растығы үшін толық жауап береді. Төлем жасалғаннан кейін қандай да бір тәртіп бұзушылық немесе деректердің жалғандығы анықталған жағдайда, заңсыз төленген сома қолданылып жүрген заңға сәйкес кінәлі адамдардан өндіріліп алынады.

11. Жергілікті жердегі әлеуметтік көмек өтініш нысанында болады және ол мынадай түрде көрсетіледі:

ақшалай жәрдем беру (мемлекеттік деңгейде белгіленген зейнетақыға, жәрдемақыға, стипендия мен өтемдерге қосымша төлем жасау арқылы);

отбасының нақтылы қажеттілігін өтеуге жұмсалатын нысаналы жәрдемақылар (киім, үйге керек-жарак, отын, дәрі-дәрмек және т.б. сатып алу);

тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге арналған жәрдемақыларға қосымша төлемдер;

көлік қызметіне, мысалы, қоғамдық көлікке ақы төлеу үшін бензинге, емдеуге бару жол ақысын төлеуге арналған жәрдемақы;

жол-жоралғылық қызмет көрсетуге арналған жәрдемақы;

жұмыссыздардың жұмысқа орналасуына немесе олардың кәсіби даярлауына және қайта даярлауына мүмкіндік беру.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақтың 4 абзацы өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.05.29.

N 490 қаулысымен. Р980490_

12. Ақшалай жәрдем кем дегенде бір тоқсандық мерзімге белгіленеді және отбасы мүшелерінің біреуіне ғана төленеді.

13. Жергілікті (аймақтық) жерде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шығыстарды қаржыландыру аймақтың мүмкіндігіне қарай, тиісті жылға

мекемелер мен жергілікті бюджеттік шараларды қаржыландыруға көзделген қаражаттан басқа жергілікті бюджет пен

бюджеттен тыс көздердің, қайырымдылық қорларының есебінен жүргізіледі.

14. Жергілікті (аймақтық) деңгейдегі әлеуметтік көмекті төлеу, оған есеп жүргізу, бақылау жасау және есеп беру тәртібін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.05.29. N 490 қаулысымен.

P980490_